

«Нұрлы білім» ҚБ



Әдістемелік құрал

Алла Тағаланың сипаттары:
сахабалардың, Ислам әлемінің
атақты ғалымдарының
(тәфсіршілер, факихтер) және
қазақ халқының ұлы
ағартушыларының аяттарды
талқылаудағы ұстанымдары

88.38 (5Қаз) 938
С 94

«НҰРЛЫ БІЛІМ»
ДЕСТРУКТИВТІК ДІНИ АҒЫМДАРДАН
ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ КӨМЕК ОРТАЛЫҒЫ»
ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

Алла Тағаланың сипаттары: сахабалардың, Ислам әлемінің атақты ғалымдарының (тәфсіршілер, факихтер) және қазақ халқының ұлы ағартушыларының аяттарды талқылаудағы ұстанымдары

Қарағанды
2014

Қазақстан Республикасының
Қарағанды академиясының
кітапханасы
Түр. № Б/Н

б/н - аб

86.38(5Қаз)

С 94

Сыздықов, Р. М.

Алла тағаланың сипаттары: сахабалардың, Ислам әлемінің атақты ғалымдарының (тәфсіршілер, факихтер) және қазақ халқының ұлы ағартушыларының аяттарды талқылаудағы ұстанымдары: әдістемелік құрал.

2014

б/ж.

Зубов, Платон Александрович, о нем.

Рязань.
Ит.: [Екатерина П и П. Зубов] :
Жданов. — [Репринт. изд.] — М.
446 с. : ил. ; 22 см.
Издательство «Прометей» Н. Н. Михайлова.
кз.

УДК 882.31 Жалпов

ББК 84Р7

ЕКД 47.2.12

УДК 28
ББК 86.38
С 94

**Қазақстан Республикасының мәдениет және спорт Министрлігі Дін істері комитетінің сараптау комиссиясы мақұлдаған
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының сараптау комиссиясы мақұлдаған**

Сын пікір білдіруші: Қ.Қ.Нүркенов – «Қарағанды облысы Дін істері басқармасы» ММ жетекшісі

Қазақ тіліне аударған: Г.Ж.Омарова

Басылымға дайындаған: А.А.Жүнісова

Авторы: Р.М.Сыздықов

С94 Алла Тағаланың сипаттары: сахабалардың, Ислам әлемінің атақты ғалымдарының (тәфсіршілер, факихтер) және қазақ халқының ұлы ағартушыларының аяттарды талқылаудағы ұстанымдары/ Р.М.Сыздықов. – Қарағанды: TENGRI ltd ЖШС, 2014 – 26 б.

ISBN 978-601-7785-02-4

Ұсынылған әдістемелік құралда Алла Тағаланың сипаттары имам Матуридидің әдістемесі бойынша баян етілген. Жаратушының уақыт пен кеңістікке байланысты еместігіне қатысты дәлелдер құран аяттары, Мұхаммед пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) хадистері, сахабалар, Әһлү сүннет уәл жамағаттың іргелі ғалымдарының сөздері мен Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Ыбырай Жүсіп сияқты қазақтың діни ағартушыларының сөздеріне негізделе отырып жасалған. Алланың сипаттарын түсінуде дәстүрлі Ислам өкілдері мен деструктивті жалған діни ағымдар ізбасарларының ұстанымдарына ерекше назар аударылған.

УДК 28
ББК 86.38

© «Нұрлы білім» деструктивтік діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек орталығы»

ISBN 978-601-7785-02-4

қоғамдық бірлестігі». 2014

Алла Тағаланың сипаттары. Сахабалардың, Ислам әлемінің атақты ғалымдары мен және қазақ халқының ұлы ағартушыларының осы мәселеге орай көзқарастары

Біз Жаратушыны Ол Құранда Өзі келтірген сипаттары мен Көркем есімдері арқылы танимыз.

Алла Тағала – Дара. Ол – тумаған, туылмаған және он сегіз мың ғаламды басқаруда көмекшілерге мұқтаж емес. Алла мәңгілік: оның бастауы да, шет-шегі де жоқ. Ол уақыт өте өзгермейді және Ол үшін уақыт та өзгермейді. Ол ешкімге, ешнәрсеге мұқтаж емес, ешкімге, ешнәрсеге тәуелді де емес – Ол трансцендентті. Ол кеңістіктен тыс. Оған тең келетін ешкім жоқ. Ол ешкімге, ешнәрсеге ұқсамайды және барша әлемде Оған ұқсас жаратылыс жоқ, Ол жаратылыс иелері сияқты дене мүшелерімен, аяқ-қол, ағзалармен сипатталмайды. Ол – Тірі, Аса Құдіретті, Бәрін Білуші, Бәрін Көруші, Түгел Естуші, Сөйлеуші. Ол объективті дүниеде де емес және одан тыс та емес. Ол объективті дүниеге енбейді, Ол әлемнің алты тарабымен де шектелмеген. Барлық жақсылық та, жамандық та Оның бұйрығымен болады. Ол жамандықтан тыйылуды және жақсылық жасауды бұйырады. Ол жаратылыс атаулының барлығын жаратушы, басқарушы әрі барша әлем Оның қалауымен жоқ болады. Ол Қиямет күнінің Иесі. Ол біздің Иеміз әрі барша он сегіз мың ғаламның Иесі. Алла Тағала өмір мен өлімді, барша игілік атаулы мен қайғы-қасіретті нәсіп етуші, барлық тіршілік иелерін ризықтандырушы. Ислам түсінігі бойынша Алла – Жалғыз Жаратушы, тіршілік иелеріне күш-қуат пен несібе таратушы Құдай, Әділет иесі, он сегіз мың ғаламды Басқарушы да, Сақтаушы да жалғыз Өзі. Оған тең келетін, Оған тәріздес, білімі, құдыреті т.б. сипаттары бойынша Онымен теңдесетін ештеңе жоқ. Ол өзі жаратқан тіршілік иелеріне мүлде ұқсамайды [1, с. 12, 13, 14].

Алла Тағала былай деген: «Еш нәрсе Ол сияқты емес. Ол Алла, әр нәрсені естуші, толық көруші».

(Шура сүресі, 11-ші аят).

Әл-Бұхари, Ибн Әл-Жаруд және Әл-Байхақи есімді имамдар Имрана ибн Әл-Хусейн (р.а) арқылы сенімді тізбек бойынша жеткізген хадисте, бір күні Мұхаммед Пайғамбарға (ﷺ) Йеменнен адамдар келіп, былай дегені айтылады: «О, Алланың Елшісі! Біз дін туралы білім алуға келдік. Сенен Жаратушының бастауы туралы айтып беруіңді сұраймыз». Сонда Мұхаммед Пайғамбар (ﷺ): «Алла әуелден мәңгі, ешнәрсе болмағанда да Алла болды», – деген екен [2, с. 542].

Ибн Масыуд (р.а) риуаят еткендей, бір күні Алла Елшісі (ﷺ) мүшріктердің (Аллаға серік қосушылар) құдайы жайлы сөз қозғағанда, олар

оған былай деген: «Кұдайың кімнен шықты?». Осыдан кейін Алла Тағала келесі аяттарды түсірді: «Оларға айт: Алла – Дара, біртұтас, Алла – Мәңгілік». («Ықылас» сүресі, 1-2 аяттар) [3, с. 521].

Сонымен қатар, Аллаға жалбарынған кезде Пайғамбар (ﷺ) былай деген: «Иә, Алла, Жеті қат көк пен жердің Раббысы, біздің және барша жаратылыстың Иесі, дәндер мен өзендерді бөлуші, Тәурат, Інжіл мен Құранды түсірген, барлық жамандық атаулыдан Саған сиынамын, себебі оның бәрі Сенің Күдіретіне тәуелді. Сен – бастаусың, Саған дейін ештеңе болмаған, Сен – соңғысың, Сенен кейін де еш нәрсе болмайды. Сен - Үстемсің, Сенен жоғары ешнәрсе жоқ және Сен – көмессің, Сенен басқа ешнәрсе жоқ». [4, 17 т., с. 37].

Дәстүрлі Исламның (Әһлү-сүннет уәл жамағат, Имам Матуриди мектебі: оның ізбасарлары – қазақ халқының ағартушыларының) сеніміне сай Алла Тағаланың сипаттары төмендегідей бөлінеді:

Сипат түрлері	Сипаттар	Құраннан келтірілген дәлелдер
Зати	Әл-Ужуд – Бар болу	«Көктер мен жерді жаратушы Алла жайында күмәнданасындар ма?» (Ибраһим сүресі, 10-аят).
	Әл-Қидам – Бастауы жоқ	«Ол Алла (Т.) әуелгі әрі соңғы (әр нәрседен бұрын ежелден бар әрі мәңгі қалады, соңы жоқ)» («Хадид» сүресі, 3-аят)
	Әл-Бақо – Мәңгі болу	«Ұлы дәрежеге ие әрі жомарт Раббың өзі ғана қалады». (Рахман сүресі, 27-аят)
	Әл-Уахданият – Жалғыз болу	«Егер жер-көкте Алладан басқа да тәңірлер болса еді, әлбетте екеуі де бұзылып, кетер еді». (Әнбия сүресі, 22-аят).

	Әл-Қияму бинафсих – Өздігінен бар болу	«Әй, адам баласы! Сендер Аллаға мұқтажсындар. Алла еш нәрсеге мұқтаж емес, өте мақтулы». (Фатыр сүресі, 15-аят).
	Мухалафатун лил хауадис – Жаратылысқа ұқсамау	«Еш нәрсе Ол сияқты емес. Ол Алла, әр нәрсені естуші, толық көруші» (Шура сүресі, 11-аят).
Субути	Әл-Қудро – Күдірет	«...Алла, аса ұлы әрі Ол, әр нәрсеге күші толық жетуші». (Мүлік сүресі, 1-аят).
	Әл-Ирада – Қалау	«Әлемдердің Раббы Алла, қаламайынша тілеулерің жүрмейді». (Тақуир сүресі, 29-аят).
	Әл-Хаят – Тірі болу	«Алла (Т.), Одан басқа еш тәңір жоқ. Ол тірі, толық меңгеріп тұрушы, Ол қалғымайды да ұйықтамайды» (Бақара сүресі, 255-аят).
	Әл-Ъилм – Білу	«Барлық нәрсені жаратқан әрі Ол, әр нәрсені толық білуші». (Әнғам сүресі, 101-аят).
	Әл-Қаләм – Сөйлеу	«Және Алла (Т.) Мұсамен (Ғ.С.) (тікелей) сөйлескен». (Ниса сүресі, 164-аят).
	Ас-Самиғ – Есту	«Күдіксіз Алла әр нәрсені естиді, көреді» (Хаж сүресі, 11-

	Әл-Басыр –Көру	аят).
	Әт-Тәкуин Болдырту	«Жер бетіндегі әр жәндіктің корегі Аллаға ғана тән. Ол, олардың тұрақты, тұрақсыз орындарын біледі. Барлығы ашық бір Кітапта». (Хұд сүресі, 6-аят).

[5, с. 17-39].

Алланың сипаттарып оқып-зерттеу барысында Алла Тағаланың бізге және басқа да жаратылыс түрлеріне мүлдем ұқсамайтындығын түйсіну қажет. Мысалы, әр нәрсені Көруші сипатымен танысқан кезде, қандай жағдайда да Оның көзі бар деп айтуға болмайды. Немесе әр нәрсені Естуші сипаты жайлы оқығанда, Оның құлағы бар деп айтуға болмайды.

Алла Тағала Қасиетті Құранда былай деген:

«Аллаға ұқсастықтар келтірмеңдер». («Нәхл» сүресі, 74-аят)

Исламшылдар (сәләфи-уаххабилер) Алла Тағала Арштың үстінде (бекіген), Такта¹ отыр және кеңістіктің бір жақ бетінде деп пайымдайды.

Дәстүрлі Ислам (Әһлү-сүннет уәл жамағат, Ханафи мазхабы) бірнәрседе «отыру» жаратылыстарға тән, Алла Тағалаға лайықты емес деген көзқарасты ұстанады.

ДЖДА өкілдерінің мұсылмандардың саналарын радикалдау мен өзгертудің басты құралдарының бірі астарлы ұғымдағы (муташибихат) аяттарды тура мағынада түсіну болып табылатынын ескерген жөн.

Одан ары Әһлү-сүннет уәл жамағаттың «истауа» сөзін түсінуге қатысты дәлелдерін келтіреміз.

¹ Әһлү-сүннет уәл жамағат ғалымдарының сеніміне сәйкес, «Арш» сөзін «тақ» деп аударуға тыйым салынады.



1-қосымша

«Ол Рахман, Аршыны меңгерді».

Тоха сүресі, 5-аят

«Ол сондай Алла, көктер мен жерді алты күнде жаратып, сосын аршыны игерді. Ол, жерге кірген нәрсені әрі одан шыққан нәрсені және көктен түскен нәрсені, оған көтерілген нәрсені біледі. Сондай-ақ Ол, қайда болсаңдар да сендермен бірге. Алла не істегендерінді толық көруші».

Хадид сүресі, 4-аят

2-қосымша

Әли бин Әбу Талиб (р.а) айтады: «Мекен болмағанда да, Алла болды, бұрын болғандай қазір де бар (яғни, мекенсіз)».

Әбу Мансұр әл-Бағдади, «Әл-Фарк әл-байна әл-фирак» [6, с. 287].

Пайғамбарымыздың (ﷺ) зайыбы, мұсылмандардың анасы Умму Саламадан (р.а) «Ар-Рахман ғаршыға истауа (тура мағынасы «көтерілу», «отыру», ал ауыспалы мағынасы Аршыға, яғни барлық әлемдерге иелігін жүргізді) етті» аятының мән-мағынасын сұрағанда, Ол: «Біздің санамызбен мұны түсіну мүмкін емес, бірақ бұған сену иманнан, ал сенбеу дінсіздік», – деп жауап берді.

Абдул-Кәрім Татан, Мұхаммед Адиб әл-Қайлани,
«Аунул-мурид ли шархи жаухарит-таухид», 1-том [7].

3-қосымша

Алла Тағала Құран Кәрімде: (Тоха сүресі, 5 аят):

{ الرَّحْمَنُ عَلَى الْعَرْشِ اسْتَوَى }

«Рахман аршыға истәуә» - деді.

"وقوله (الرَّحْمَنُ عَلَى الْعَرْشِ اسْتَوَى) يقول تعالى ذكره: الرحمن على عرشه ارتفع وعلا". وقد بينا معنى الاستواء بشواهد فيما مضى وذكرنا اختلاف المتكلمين فيه فأغنى ذلك عن إعادته في هذا الموضوع".

«Алла Тағаланың «Рахман аршыға истәуә» деген сөзі, Алла Тағала айтады: «Рахман аршысына ғәлә, иртәфәғә». Біз истәуә сөзінің мағынасы бұдан алдыңғы тақырыпта, жан-жақты дәлелдерін келтіре отырып түсіндіріп кеткенбіз. Және ол жердегі истәуә сөзінің тәфсіріндегі қайшылықтарды да айтып кеттік. Сондықтан бұл жерде оны қайталап жатудың қажеті жоқ деп, Бақара сүресінің 29-аятына сілтеме жасаған:

" القول في تأويل قوله تعالى : (ثُمَّ اسْتَوَى إِلَى السَّمَاءِ)

قال أبو جعفر: اختلفوا في تأويل قوله: " ثم استوى إلى السماء فسواهن " وأولى المعاني بقول الله جل ثناؤه: " ثم استوى إلى السماء فسواهن "، علا عليهن وارتفع، فديرهن بقدرته، وخلقهن سبع سموات".

Имам Табаридің (Алла оны рақымына бөлесін): «Алла аспанға истәуә» аятының тәуилине әртүрлі қайшылықтар болды дейді. Алла Тағалаға мақтау болсын «Алла аспанға истәуә» дегендегі «истәуә» сөзінің мағынасы «ғәлә ғәләйһиннә» аспандардан жоғары болды, «иртәфәғә» жоғарлады, сондай-ақ құдірегімен басқарып, жеті қабат қылып жаратты».

"فَقُلْ: علا عليها علو ملك وسلطان، لا علو انتقال وزوال".

Имам Табаридің (Алла оны рақымына бөлесін): «айт аспандардан жоғары болды, сұлтандық қылу мағынасында, жағымен жоғары болды, жылжу, кету мағынасында емес» дейді.

Имам Табари, «Тафсир Табари» [7 т., 5558 б.].

Алла Тағала Құран Кәрімде (Ағроф сүресі, 54 аят):

{ إِنَّ رَبَّكُمْ اللَّهُ الَّذِي خَلَقَ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضَ فِي سِتَّةِ أَيَّامٍ ثُمَّ اسْتَوَى عَلَى الْعَرْشِ }

«Күдіксіз Раббыларың Алла сондай көктер мен жерді алты күнде жаратқан. Және аршыға истәуә» - деген.

" (ثُمَّ اسْتَوَى عَلَى الْعَرْشِ) هذه مسألة الاستواء، وللعلماء فيها كلام وإجراء. وقد بينا أقوال العلماء فيها في الكتاب (الأسنى في شرح أسماء الله الحسنى وصفاته الغنى) وذكرنا فيها هناك أربعة عشر قولاً. والأكثر من المتقدمين والمتأخرين أنه إذا وجب تنزيه الباري سبحانه عن الجهة والتدبير فمن ضرورة ذلك ولو اجمعه اللازمة عليه عند عامة العلماء المتقدمين وقادتهم من المتأخرين تنزيهه تبارك وتعالى عن الجهة، فليس بجهة فوق عندهم، لأنه بقرم من ذلك عندهم متى اختص بجهة أن يكون في مكان أو حيز، ويلزم على المكان والحيز الحركة والسكون للتدبير، والتغير والحدوث. هذا قول المتكلمين".

«Және Алла аршыға истәуә». Истәуә мәселесіне орай ғалымдарымыздың арасында көптеген көзқарастар бар, ғалымдардың сөздерін «Әл-аснә фи шарх әсмә илләһи әл-хуснә уә сипатиһи әл-ғүлә» кітабында баяндадық. Ол жерде он төртке тарта сөз келтірдік. Ғалымдардың алғашқылары бар, кейінгілері бар барлығы Алла Тағаланы тараптан, әлдебір мекенге орныгудан, орын алудан пәктеу уәжіп болатын болса, онда осы және осыған қатысты болған нәрселердің барлығынан Алла Тағалаға тарап бекітуден пәктеу керектігі ғұламалардың алғашқылары және кейінгілердің үлкендерінде келген. Оларда (ғалымдарында) жоғары тарап деген жоқ. Өйткені олардың есебінде

егер бір тарапта болумен ерекшеленсе, онда бір орында немесе орнығу тиіс болып қалады дейді. Және орын алуын, орнығуын орнығушының кимылдауын, тоқтап тұруын міндет қылады және өзгеруін, пайда болуын міндеттейді. Бұл ақида мамандарының сөзі», – дейді. Кейін:

«قلت: فعلوا الله تعالى وارتفاعه عبارة عن علو مجده وصفاته ومكوثه. أي ليس فوقه فيما يجب له من معاني الجلال أحد، ولا معه من يكون الظن مشتركا بينه وبينه، لكنه العلي بالإطلاق سبحانه».

«Мен айтамын: Алла Тағаланың жоғарылығы Ұлықтығының жоғары екендігін, сипаттарының жоғары екендігін, сұлтандығының жоғары екендігін көрсетеді. Яғни ұлықтық тиіс болған Одан өзге ешкім жоқ деген мағына. Әрі ұлықтылықта онымен серік болатын ешкім жоқ. Жоғарылық (Ұлықтық) Алла Тағалаға қолданылған» деп түсіндірген.

Имам Куртуби, «Тафсир» [9, 4 т., 1774 б.].

«وَأَمَّا قَوْلُهُ تَعَالَى: {يَمْ أَسْتَوِي عَلَى الْعَرْشِ} فَلِلنَّاسِ فِي هَذَا الْمَقَامِ مَقَالَاتٌ كَثِيرَةٌ جَدًّا، لَيْسَ هَذَا مَوْضِعَ بَسْطِهَا؛ وَإِنَّمَا يُسَلِّكُ فِي هَذَا الْمَقَامِ مَذْهَبَ السَّائِفِ الصَّالِحِ: مَالِكٌ، وَالْأَوْزَاعِيُّ، وَالثَّوْرِيُّ، وَاللَّيْثُ بْنُ سَعْدٍ، وَالثَّوْفِيُّ، وَأَحْمَدُ بْنُ حَنْبَلٍ، وَإِسْحَاقُ بْنُ رَاهُوَيْهَ وَغَيْرُهُمْ، مِنْ أَيْمَةِ الْمُسْلِمِينَ قَدِيمًا وَحَدِيثًا، وَهُوَ إِمْرَازُهَا كَمَا جَاءَتْ مِنْ غَيْرِ تَكْيِيفٍ وَلَا تَشْبِيهِ وَلَا تَغْطِيلٍ. وَالظَّاهِرُ الْمُتَبَادِرُ إِلَى أَذْهَانِ الْمُخْتَبِرِينَ مِنْغَى عَنِ اللَّهِ، فَإِنَّ اللَّهَ لَا يُشْبِهُهُ شَيْءٌ مِنْ خَلْقِهِ، وَ {لَيْسَ كَمِثْلِهِ شَيْءٌ وَهُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ} [الشُّورَى: 11] بَلِ الْأَمْرُ كَمَا قَالَ الْأَيْمَةُ مِنْهُمْ نَعِيمُ بْنُ حَمَّادِ الْفَرَاعِيِّ شَيْخِ الْبَخَّارِيِّ -: "مَنْ شَبَّهَ اللَّهَ بِخَلْقِهِ فَقَدْ كَفَرَ، وَمَنْ جَدَّ مَا وَصَفَ اللَّهُ بِهِ نَفْسَهُ فَقَدْ كَفَرَ". وَلَيْسَ فِيمَا وَصَفَ اللَّهُ بِهِ نَفْسَهُ وَلَا رَسُولُهُ تَشْبِيهِ، فَمَنْ أَثْبَتَ لِلَّهِ تَعَالَى مَا وَرَدَتْ بِهِ الْآيَاتُ الصَّرِيحَةُ وَالْأَخْبَارُ الصَّحِيحَةُ، عَلَى الْوَجْهِ الَّذِي يَلِيقُ بِجَلَالِ اللَّهِ تَعَالَى، وَنَفَى عَنِ اللَّهِ تَعَالَى النِّقَاصَ، فَقَدْ سَلَكَ سَبِيلَ الْهَدْيِ».

«Бұл мәселе жай ғана мәселе емес, ғалымдар арасында әртүрлі көзқарастар бар, біз бұған байланысты «еш кейіп берместен, ешкімге, ешнәрсеге ұқсатпастан, жоққа шығармастан қалай келсе солай түсініп, Сәләф солихтардың мазһабы: Мәлік, Әузағи, Сәури, Лайс, Шәфиғи, Ахмад, Исхак бин Раһуия және алдыңғы болсын, кейінгі болсын басқа да мұсылман имамдарымыздың жолын ұстанамыз, ол еш кейіпсіз, ұқсатусыз, жоққа шығармай қалай келсе, солай өткізіп жіберу. Ал ұқсатушылардың ойларына келген сөздің тілдік мағынасын Алла Тағалаға қолданбаймыз. Өйткені, Алла Тағала жаратылысына еш ұқсамайды. Хақ Тағала Құран Кәрімде:

{لَيْسَ كَمِثْلِهِ شَيْءٌ وَهُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ}

«Ешнәрсе Ол сияқты емес. Ол Алла, әр нәрсені естуші, толық көруші» (Шура сүресі, 11-аят).

Әбу әл-Фада ибн Кәсир (774 н.ж.), «Тәфсир ибн Кәсир» [3, 6 т., 147 б.].

«Алла Тағаланың Аршыға ешбір қажетсіз әрі оған орнығусыз истәуә қылғанына иман келтіреміз»;

«Алла Тағала Аршыны да, одан басқаны да сақтаушы әрі оған мұқтаж емес»;

«Егер Хақ Тағала Аршыға мұқтаждық танытса, жаратылған жаратылыстың деңгейіне түсіп, әлемді жаратуға, басқаруға шамасы келмес еді»;

«Егер Хақ Тағала оған отыруға, орнығуға мұқтаждық танытса, Аршы жаратылмай тұрып Алла қайда болды?»;

«Хақ Тағала мұндай кемшіліктерден пәк, әрі ұлы».

Имам Әбу Ханифа, «Әл-Уасыя» [10, 77 б.].

Ол Аршыға да, одан басқаға да мұқтаж емес. Ол барлығын және аршының үстіндегіні де ілімімен қамтиды. Жаратылған нәрселер Оны қамти алмайды. Және бұл нұсқада «уә фауқаһу» деп келеді, ол жерде бәрінен Ұлық (бұл жерде фауық сөзі ұлықтықты білдіріп жатыр, орынды, тарапты емес) деп мағына беріледі.

Әбу Жаъфар әт-Тахауи, «Әт-Тахауи ақидасы» [11, 105 с.].

4-қосымша

«Ол Алла жисм² жауһар³ ғариз⁴ емес,
Боларға басқа-басқа бөлектенбес.
Алланы еш нәрсеге ұқсатуға
Еш нәрсе Оған ұқсап, жөні келмес.

Бар Құдай көкте де емес, жерде де емес,
Мекенін бір Алланың ешкім білмес.
Иаусыма аусы – төрт жақтан пәк дүр Алла,
Муминнің Алла деген көңілінде емес.
Сипаты сегіз болған бірі – кәләм,
Сөйлейді құдіретімен Алла Тағалам.
Сөйлеуі біздей тілмен, жақпен емес,
Тіл, жаққа мұқтаж емес секілді адам.

² Жисм – мүшелерден құралған дене

³ Жауһар – атом, яғни бөлшектенбейтін дене

⁴ Ғариз (ғарод, яғни ақциденция) – көріністі, түл-тұлғаны, кейіпті, бейнені білдіреді

Алды, арты, асты, үсті, оң, солы жоқ.
Ауыз, мұрын, аяқ, бас, көз, қолы жоқ.
Еш нәрсе ұқсамайды. Ол еш нәрсеге
Кітаптың айтқанынан ойлама көп».

Ж.Көпейұлы [12, с. 117, 199-201].

«...Ол Алла Тағала дене иесі емес, сурет иесі емес, асыл жауһардай заттар сипатында емес, мекен я бір орын иесі емес, бос орынды толтырушыдан емес, тамақ жеушілерден, ішушілерден емес, біреуді тудырған емес, яки біреуден туған емес...».

Ы.Алтынсарин, «Мұсылманшылықтың тұтқасы»
[13, 18-19 б.].

Нузуль

Сәләфи-уаххабилер Жаратушы орын ауыстырады, түседі (нузул), Оның қозғалыста болуы және саябыр табуы мүмкін деген пікірде. Олар дәлел ретінде келесі хадисті келтіреді:

«Әр түннің соңғы үштен бір бөлігінде Раббымаз Алла аспан бөлігінде түсіп: «Дұғасын қабыл ету үшін, Маған жалбарынатын кім? Мен беруім үшін, Менен қажетін сұрайтын кім? Менен жарылқау тілейтін кім? Менен кешіріміме үміт етіп, Менен жарылқау тілейтін кім?», - дейді. (Хадис әл-Бұқари (1145) және Муслим (785) жинақтарынан).

Енді Әһлү-сүннет уәл жамағат ғалымдарының «нузул» туралы хадисті түсінуге қатысты дәлелдер кестесін ұсынамыз.



Қосымша

«Бұл хадис Алла Тағаланың сипаттарына (атрибуттарына) байланысты «Китабул Иманда» түсіндірілгендей, мұндай хадистерді түсінуде ғұламалардың ішінде екі мәзһаб (пікір) қалыптасқан. Бірінші мәзһаб, көптеген сәләфтар және кейбір мутакәллимдердікі. Бұл Аллаға лайықты түрде, ақиқатқа сенуді білдіреді, хадистердің сыртқы мағынасы бізге (жаратылысқа) қатысты белгілі болғандай, Аллаға қатысты сол мағынаны білдірмейді. Және Алла Тағала, жаратылысқа лайық болған қозғалу, орын ауыстыру сияқты қасиеттерден пәк деп есептейді.

Екінші бір пікір көптеген мутакәллимдер мен сәләфтардың бір бөлігіне тән. Бұл көзқарас Мәлік және Аузаилардан жеткен. Бұл Алланың ұлылығы лайықты деңгейде түсіндірілуі қажет екеніне қатысты.

Осындай әдіске сүйене отырып, олар бұл хадисті екі жолмен түсіндіреді:

1. Мәлік ибн Анас және басқалардың: «Оның мейірімі, бұйрығы мен періштелері түседі» деген мағынадағы түсіндірмесі – «Әмірші мынанымынаны жасады» деген мазмұнда, яғни оның пәрменіне сай оның қарамағындағылар істеді мағынада.

2. Ауыспалы мағынасында, яғни оларға мейірім танытып, дұғаларын қабыл етеді деген мағынада. Анығын Алла біледі (1445 хадис)

Мұхиддин Ән-Науауи, «Әл-Минхаж шархи Сахих Муслим ибн Хажаж» [4, с. 484, 488-489].

«Өздерін сүннет ұстанушылардың қатарына жатқызатын бір топ: «Жаратушы (өзі) өзінің болмысымен түседі» дейді. Бұл сөздер қабылданбайды, өйткені Алла Тағала қозғалудан пәк, әрі Ол жаратылыста бар ешбір сипатпен сипатталмайды».

Ибн Әбдил-Барр, «Әл-Истизкар» [14].

«Аллаға мекен мен бағыт беретін адасушылар: «Біздің Тәніріміз әрбір түні көктен төмен түседі» деген сөздерді дәлел ретінде жоғарыда орналасқан мекен («улу») деп қолданады. Бірақ Ислам ғұламалары мұндай түсінікті жоққа шығарды, себебі, бұл Алла мекенге мұқтаж дегенді білдіреді.

Аллаға қатысты «нузуль» сөзінің мағынасын түсінуде мынадай пікірлер бар:

Мушаббихалар (антропоморфистер) бұл сөзді сыртқы мағынасына қарай тікелей түсінеді. Хауарижиттер мен муғтазилалар өздерінің тәкәппарлығына орай бұл хадистердің шынайылығын жоққа шығарды. Бір ғажабы, осыған ұқсас Құранда айтылған аяттарға түсіндірме жасайды да, хадистерде айтылғандарды надандықтарынан әлде қасақана жоққа шығарады.

Сәләфтар бұл сөздерді қалай айтылса, солай, мәніне терең бойламай, ұқсатусыз қабылдайтын.

(Әбу Бәкр) Ибн әл-Араби (хижра 468-543/1076-1148) былай деген: «Мұндай хадистерді түсінуде төмендегі пікірлер келтіріледі: дінсіздер (муътәзилалар сияқты) хадистерді жоққа шығарды, сәләфтар қалай келді, сол түрде қабылдады, ал көбісі бұл хадистердің мәнін түсінуге тырысады (болжамды түрдегі, яғни «тәуил» әдісін қолданады) (мен де осы көзқарасты қолдаймын).

Түсу тәндік әрі мағыналы түрде де болады. Егер бұл хадисті түсінуде тәндік (түсу) сипатқа мән беретін болсақ, онда бұл бұйрықпен және тыйым салумен жерге түсетін періштелерді (іс-әрекетті) сипаттау болады. Сондықтан, бұл «түсу» сөзі Жаратушының өзіне қатысты емес, Оның іс-әрекетіне жатады. Егер, түсуді бір әрекеттен екінші әрекетке өту мағынасында түсінсек, онда бұл араб тілінің ережелеріне сәйкес келеді».

Демек, бұл хадисті түсіндірудің екі нұсқасы бар: бірінші, Алланың әмірі түсіріледі (Оның әмірімен оны періштелер түсіреді); немесе оны ауыспалы мағынада түсіну керек, яғни (түннің үшінші жартысында) «жалбарынушыларға Алла мейірім (ерекше) танытады және олардың дұғаларына жауап береді».

Ибн Хаджар әл-Аскалани, «Фатхул Бари шарху Сахих әл-Бұхари» [15, с. 38].

«Мен айтамын: (нузуль) түсу бұл дененің жоғарыдан төменге ауысуы, ал Алла болса бұдан пәк. Келгендер (аяттарда, хадистерде) анық мағынасыз (муташаббихат) келгендердің қатарына жатады, осыған байланысты ғұламалардың арасында екі пікір бар:

1. Муфаууида: оның мәні мен мағынасын талқыламай, яғни, Алла кейіптен, бейнеден, кемшіліктерден пәк деген сеніммен қалдыру.

2. Муаууиля: Алланың ұлықтығына лайықты түсіндірме жасау, түсу (нузуль) – Оның әмірі немесе Оның бұйрығымен періштелердің түсуі немесе

құлдарына мейірімділік таныту, олардың дұғаларына жауап т.б. мағынасын білдіреді. Әл-Хатаби айтады: Бұл хадис сипаттар туралы хадистерден. Сәләфтар оның мағынасын сырттай өткізін (яғни мағына бермей), бейнелеуді жоққа шығарады: «Еш нәрсе Ол сияқты емес, Ол Естуші, Көруші». (1145 хадис)

Бадруддин Әл Айни, «Умдатул Қари шарху Сахих әл-Бұхари»
[2, с. 484, 488-489].

Бұл хадисті жиырма сахаба келтіреді, бірақ жоғарыда айтылғандай. Аллаға қозғалыс та, өзгеріс те тән емес; осыған орай ғұламалар екі топқа бөлінді: алғашқы топ оны «Алланың мейірімінің түсуі» деп түсіндіреді. Алла қасиетті аяттарда түсу және түсіру туралы жиі айтады, мысалы: «...Сондай-ақ темірді пайда қылдық. Онда мықты күш әрі адамзат үшін хажеттер бар» (Хадид сүресі, 25 аят), оның байлығы жердің астында екені мәлім, «...сендер үшін малдардан сегіз жұп пайда қылды...» (Зумар сүресі, 6 аят). Сондықтан түсу және түсіру аяттары туралы қорытынды жасауға асықпау қажет. Екінші топтағы ғұламалар бұл хадиске байланысты пікір айтудан қалыс қалды, бірақ Алланың кемшіліктерінің және жаратылғандарға ұқсастығы жоқтығын мойындайды. Соның ішінде түсу де бар. Түсу үрдісі үш денеден тұратындығын меңзейді, біріншісі – жоғары, екіншісі – төмен, үшіншісі – біріншіден екіншіге қарай түседі, Алла осылардың бәрінен де пәк.

Ибн Хумайда келсек, ол бұл туралы былай деді: «Ол өзінің жанасуы арқылы өзінің тағында отырады. Одан кейін Ол өз орнынан төмен түседі, яғни қозғалады». Бұл ғалым Жаратушы құдіретіне ненің тән, ал ненің жат екенін түсінбейді. Кади Әбу Ялья айтты: «Түсу – болмыс сипаттарының бірі, бірақ біз оны орын ауыстыру деп айтпаймыз». Осылайша, біреуі Ол қозғалады деп мәлімдесе, тағы біреуі қозғалмайды дейді, ақыр аяғы түсінбестік пайда болады, бірақ олар қозғалыс Құдайға лайықты емес екендігін түсінбейді. Олар қозғалыс туралы пікір имам Ахмадқа да тиесілі дейді, бірақ бұл жалған. Егер түсу шынымен де болмыс сипатына қатысты болса, онда бұл сипат әр түн сайын өзгерер еді, ал ақиқатында Оның болмысы мен сипаттары мәңгі екендігі белгілі.

Ибн аль-Джаузи, «Дафъ шубхат ат-ташбих» [16, с. 49].


Сонымен қатар, уаххаби-сәләфилер Жаратушыны аяқ-қол, дене мүшелері, ағзасы бар сияқты сипаттайды. Жаратушыда жаратылысқа тән дене мүшелері – қол, аяқ, көз, саусақ, табан, балтыр, бет-жүз және т.б. бар деп пайымдайды. Десе де, «Оның Ұлылығына лайық түрде» деген сипаттаманы қосады. Жаратушыны жаратылысқа лайық қасиеттерімен, соның ішінде, денеге тән сипаттармен сипаттайды: шектеу (хадд); өлшем (миқдар); қозғалу немесе орын ауыстыру (хәракә); кеңістікте болу мүмкіндігі


(хайиз); оң, солы, алды, арты сияқты тараптар болуы (жиха); дене бөлшектері мен мүшелері (ажза); басқаның әсері мен ықпалына ұшырау.

Әһлү-сүннет уәл жамағат сенімінің тірегі төмендегідей:

• Алла Тағала жаратылыс сияқты дене бөлшектері мен қол-аяқтан, яғни, жаратылыс иелері сияқты ағзадан тұрмайды. Жаратылған денелердегі сияқты қол, аяқ, көз, саусақ, бет-жүз, табан, балтыр сияқты мүшелер Жаратушыға тән емес.

• Жаратушыны жаратылыстың сипаттарымен сипаттауды, оның ішінде: шектеу (хадд); өлшем (миқдар); қозғалу немесе орын ауыстыру (хәракә); кеңістікте болу мүмкіндігі (хайиз); оң, солы, алды, арты сияқты тараптар болуы (жиха); дене бөлшектері мен мүшелері (ажза); басқаның әсері мен ықпалына ұшырауды үзілді-кесілді жоққа шығару.





-қосымша

«Еш нәрсе Ол сияқты емес. Ол Алла, әр нәрсені естуші, толық көруші»

Шура сүресі, 11-аят

«Сондай ақыретке сенбеген үшін мысалдың жаманы болады. Мысалдың жоғарысы, Аллаға тән. Ол, үстем, хикмет иесі»

Нахл сүресі, 60-аят

2-қосымша

Пайғамбар (ﷺ) айтқан: «Құдайды ақылмен түсіну мүмкін емес».

Имам Әс-Суюти риуаят етті

3-қосымша

Ибн Аббас айтқан: «Алланың жаратылыстары жайлы ойланыңыздар, бірақ Оның болмысы жайлы ойлаудан сақтаныңыздар» [17, 143 б.].

«Қиямет күні жақындағанда, Құдайға сенбейтін адамдар (қауым) пайда болады». Адам айтты: «О, мұсылмандардың әміршісі: Олардың күпірлігі неде? Қорлауда әлде теріске шығаруда ма?» Ол айтты: «Теріске шығаруда, олар өз Жаратушысын жоққа шығарады және оны дене мүшелерімен сипаттайды» [18, с. 588].

Имам Али (р.а) айтқан: «Әл-айнды» (мекенді) жаратқаннан «айна» (қайда) деп сұралмайды» [19].

Имам Әли (р.а) айтқан: «Мекен болмағанда да, Алла болды, бұрын болғандай қазір де бар (яғни, мекенсіз)» [6, с. 287].

Әли ибн Абу Толиб

«Мен имам Садыққа айттым: «Хишам ибн Хакамның сізден риуаят еткенін естідім: «Алла – мәңгі, нұрдан тұратын дене, оны тану міндетті әрі Алла бұл білімді кімге бергісі келсе, соған береді». Ол айтты: «Оның Кім екенін, Қандай екенін Өзінен басқа ешкім білмеген Ол – Пәк және Оған ешнәрсе ұқсамайды. Ол – (Бәрін) Естуші, Көруші! Ол шекаралармен айқындалмайды, сезілмейді, Оны қолмен ұстап, көзбен көру, Оған қол тигізу мүмкін емес және сезімге бой алдыру Оған тән емес әрі Оны ешнәрсе қамти алмайды. Ол дене де емес, бейне де емес, қалып та емес, шектеу (тахдид) де емес». (1 хадис) [20, 104 б.].

Әли ибн Әбу Химза

«Ол Өзі жаратқан нәрселердің ешқайсысына ұқсамайды, жаратылған нәрселерден де еш нәрсе Оған ұқсамайды. Зати және фиғли есімдері мен сипаттары түгесілмек емес, түгесілмейді де. Оның зати сипаттары: Тірі, Құдіретті, Бәрін Білуші, Сөйлеуші, Естуші, Көруші, Қалаушы. Оның іс-әрекет сипаттары: Жаратушы, Ризық беруші, Істеуші т.б.»

«Құранда Өзі айтқандай Алланың иәд,⁵ уәжһ,⁶ нәфсі⁷ сипаттары бар. Олардың ешқайсысы қандай да бейнеге ие емес».

Имам Әбу Ханифа, «Фихһ әл-Әкбар» [21, 62, 63 б.].

«Алла сен елестете алатынның ешқайсысына ұқсамайды».

Имам Зуннун әл-Мысрий [22].

Қорыта айтқанда:

- Кімде-кім Алланы пендеге (жаратылысқа) тән бір қасиетпен сипаттаса, кәпір саналады.
- «Алла Тағала шектелуден пәк, бір шекараларда болудан, бөлшектерден, мүшелерден тұрмайды. Жаратылыстарды қамтығаны сияқты алты тарап Оны қамти алмайды».
- «Білімнің екі түрі бар: жаратылыс иелері қол жеткізе алатын білім және тіршілік иелері түйсіне алмайтын ілім. Пенде үшін жіберілген ілімді мойындамау күпірлік болса, жасырын болған ілімге қол жеткізем деу де күпірлік. Пенде үшін рұқсат етілген білімге ұмтылып, ал жасырын ілімнен аулақ болғанда гана иман берік болады».
- «Ислам асыра сілтеу мен тар ойлаудың арасында, ташбиһ пен (Алланың сипаттарын жаратылыстарының сипаттарына ұқсату) тағтил (Алланың сипаттарын мойындамау) арасында».
- Жаратылған ақыл-ой тумаған әрі туылмаған Жаратушыны елестете алмайды. Басқаша айтқанда, әлдебір кемшілік иесі қиялымен мінсіз нәрсені қамти алмайды. Мақұлық жаратылыстың мақұлық қиялымен Жаратушыны суреттеу мүмкін емес».

⁵ Иәд сөзінің тілдік мағынасы қол.

⁶ Уәжһ сөзінің тілдік мағынасы жүз.

⁷ Нәфс сөзінің тілдік мағынасы жан. Бұл сөздердің (иәд, уәжһ, нәфс, т.с.с) тілдік мағынасы Алланың затына қолданылмайды, сондықтан бұл сөздерге тәуил (аят пен хадисте келген жаратылысқа ұқсас сөздерді Алла Тағалаға лайықты мағынада астарлап түсіну) жасалып, болмаса мағынасын Алла біледі деп тағуид қыламыз. Ғалымдар бұл сөздердің және осы сияқты сөздердің басқа тілдегі аудармасымен түсінуге болмайды деген. Алланың қолы, жүзі, жаны бар деп қазақ тіліндегі мағынасын айтқан дұрыс емес. Алланың иәд, уәжһ, нәфсі сипаттары бар және Құранда келгендей өзіне лайықты деп айтсақ болады.

- «Өзін Алла Тағаланың сипаттарын жоққа шығарудан немесе Алла Тағаланы бір нәрсеге ұқсатудан (ташбиһ) сақтанбаған кез келген адам тура жолдан адасып, Алланың данқын (құдіретін) түсіне алмаған. Себебі біздің Раббымыз тек Жалғыздық пен мінсіз бірлік қасиеттермен сипатталады, жаратылған нәрселердің ешқайсысы Оған ұқсауы мүмкін емес».

- «Алла Тағалада шекаралар, шектеулер, бөлшектер, бұрыштар және үлкен де кіші ағзалар бар деп сипаттауға болмайды. Жаратылғандарды қоршап тұрған алты тарап та Оны қамти алмайды».

Имам Жаъфар әт-Тахауи, «Әт-Тахауи Ақидасы» [11, 84, 86, 88, 100 б.].

- «Жаратушының мекені бар деу Таухидке (Бір Аллаға сенуге) қарама-қайшы ұғым».
- «Алла Озінің болмысы мен Өзі жаратқан тіршілік иелері арасындағы ұқсастықты жоққа шығарды. Аллаға мекен беретін сөздер Құранның бұл айқын мағыналы мәтінін терістейді (яғни, Шура сүресінің 11-аятында: «Еш нәрсе Ол сияқты емес» делінген). Бұл аяттың мағынасы айқын (Еш нәрсе Ол сияқты емес), одан басқа қандай да бір мағына беруі мүмкін емес, ендеше, Жаратушыға мекен беру – Жаратушыны жаратылыстарға ұқсату. Ал кімде-кім Шарифат мәтініне қарсы келсе – дінсіз, Алла бұдан бізді сақтасын».

Имам ән-Насафи [23, с. 505-506].

4-қосымша

- «...Біз Алла Тағаланы өзінің білінгенін қадари кәлімізше білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгіл, хикметіне ешбір хакім ақыл ерістіре алмады. Алла Тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды;
- «Ол – Алла Тағаланың заты, ешбір сипатқа мұқтаж емес, біздің ақылымыз мұқтаж, жоғарғы жазылмыш сипаттар бірлән тағрифлап танымаққа керек. Егерде ол сипаттар бірлән тағрифламасақ, бізге мағрифатулла қиын болады».
- «Алла Тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі».

А.Құнанбайұлы, 38-қара сөз [24, с. 76, 78].

Ол Алла жисм жауһар ғариз емес,
Боларға басқа-басқа бөлектенбес.

Алланы еш нәрсеге ұқсатуға
Еш нәрсе Оған ұқсап, жөні келмес.
Бар Құдай көкте де емес, жерде де емес,
Мекенін бір Алланың ешкім білмес.
Иаусыма аусы – төрт жақтан пәк дүр Алла,
Муминнің Алла деген көңілінде емес.
Сипаты сегіз болған бірі – кәләм,
Сөйлейді құдіретімен Алла тағалам.
Сөйлеуі біздей тілмен, жақпен емес,
Тіл, жаққа мұқтаж емес секілді адам.
Алды, арты, асты, үсті, оң, солы жоқ.
Ауыз, мұрын, аяқ, бас, көз, қолы жоқ.
Еш нәрсе ұқсамайды, Ол еш нәрсеге
Кітаптың айтқанынан ойлама көп.

Ж.Көпейұлы [12, 117, 199-201 б.].

- Ей, достар! Алла Тағала жалғыз, онан басқа Алла жоқ. Мұны да ақылмен ойлап білу керек, Құранда бұл туралы да аят көп. Олай болса да ақылмен білуге ұғындырған аятты айтайын: «Егер де дүниеде екі құдай болса, дүние бұзылар еді», – деген. Және бір аятта: «Алла Тағаланың баласы жоқ және бір Алладан басқа Алла жоқ. Егерде басқа бір Алла болса, әрқайсысы өзінің жаратқан нәрсесіменен кетер еді де бірін-бірі жеңер еді. Алла Тағала мұндайлардан пәк», – деген. Енді ойлап қараныз, егер де Алла екеу болса, бір Алла бір нәрсені бар болсын десе, бір Алла жоқ болсын десе, сол нәрсе бар болар ма еді, яки жоқ болар ма еді. Әлбетте бірінің айтқаны болмай қалады ғой. Айтқаны болмай қалғаны Алла болуға лайық болмайды. Сол себептен Алла Тағала жалғыз екені мағлұм болды.
- Егер де біреу серіктесіп жаратады десе, бұл да бос сөз, оның үшін серікке мұқтаж болған соң, оның да Алла болуға лайығы жоқ.
- Және бір аятта: «Анық Ғайса пайғамбарды Алла Тағаланың жаратқаны Адам пайғамбарды жаратқандай. Адам пайғамбарды топырақтан жаратып тұрып: «Адам бол!» деп еді, Адам болды. Сол сияқты Ғайса пайғамбарды Мариям ананың қарнында «Бала бол!» деп еді, бала болды», – деген. Және бір сөзі Алла Тағала пайғамбарға өзге адамның қолынан келмейтұған істерді істеуге мағжизе берген хәм әулиелерге

керемет берген. Бұлардың себебі пенделеріне тура жолды көрсетуге пайғамбарлардың пайғамбар екеніне дәлел болсын деп әулиелердің кінәден тазалығының қадірін көрсетпек үшін, бұлар да пендесіне рахметі.

Ш.Құдайбердіұлы. «Мұсылмандық шарты» [25, 5-6 б.].

- «Біреу сұраса «Құдай тағаланың сипаты нендей?» деп, жауап бермекке керек? Құлшылық етуімізге лайық Алла тәбарак уә тағала жалғыз-ды, ешкімнің ол Алла Тағалаға ұқсастығы, теңдестігі жоқ. Ол Алла Тағала дене иесі емес, сурет иесі емес, асыл жауһардай заттар сипатында емес, мекен я бір орын иесі емес, бос орынды толтырушыдан емес, тамақ жеушілерден, ішушілерден емес, біреуді тудырған емес, яки біреуден туған емес...».

Ы.Алтынсарин, «Мұсылманшылықтың тұтқасы» [13, 18-19 б.].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Даруль-Фикр. Расскази мне об Исламе. Краткая энциклопедия для начинающих. Мәскеу, 2012.
2. Шейх имам Бадруддин абу Мұхаммад Махмұд ибн Ахмад әл-Айни. Умдатул Қари Шарх Сахих Бұхари. 7 т. Бейрут-Лубнан: Даруль Фикр. 2005.
3. Әл Хафиз Исмаил ибн Касир әл Куройши әл-Димашки. Тафсиру Кур'ан -ул -Ъазым. Бейрут: Даруль китаб әл Ғазали. 2011.
4. Әл Имам Мухиддин ән-Науауи. Әл минхадж шархи Сахих Муслим ибн Хаджаж. Бейрут-Лубнан: Даруль Мағрифа, 2014.
5. Батталұлы Р. Ақида сабақтары. Алматы: Дәуір, 2012.
6. Имам Аби Мансур Абдуль Кохир ибн Тохир ибн Мұхаммад әл-Бағдади. Әл-Фарку байн әл-фирок. Мактабат ибн Сина.
7. Абдул-Карим Татан, Мұхаммед Адиб ал-Кайлани, Аунуль-мурид ли шархи жаухарит-таухид, 1-том.
8. Әбу Джаъфар Мұхаммад бин Джарир әт-Табари. Джамийә әл-баян Ыанта уайдиййал Кур'ан. 7 том. 4 изд. Ливан: «Даруль Салам», 2009.
9. Мұхаммад ибн Ахмад әл-Насори әл-Қуртуби. Әл-Джамиъуль Ахкамиль Кур'ан. 4 том, 4 издание. Ливан: «Даруссалам».
10. Мұхаммад Захид ибн Хасан әл-Каусари. Ыаалимул уа муттаъаалим. Туросул Каусари 22 (Уасыйа). Каир: Мактаба Азхарийа, 2001.
11. Имам Ғазанауи әл-Хинди. Шарх ақида әт-Тахауи. 1 изд. Каир: Дуросуль аль-Карз, 2009.
12. Көпейұлы М. Көп томдық шығармалар жинағы. 2 том. Алматы: Алаш, 2003.
13. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. Алматы: ТПО Қаламгер, 1991.
14. Ибн Абдил-Барр, «Аль-Истизкар», 2/530; Бейрут: Даруль Кутубиль Ильмийя: 1421/2000
15. Ахмад ибн Әли ибн Хаджар әл-Асқалани. Фатхуль Бари шарху Сахих Бухари. 1 том. Ар-Рияд: Даруль Салам, 2000.
16. Мұхаммад Захид ибн Хасан аль-Каусари. Туросул Каусари 19 (Дафъ шубухат әт-Ташбих). Каир: Мактаба Азхарийа, 2010.
17. Сайф ибн Али аль-Ъасрий. Ат-Тафуид. Бейрут-Лубнан: Даруль фатх. 2010.
18. Нажмул мугътадий <http://www.darulfatwa.org.au/ar/>
19. Совет фетвы. Дом фетвы Египта. Номер фетвы – 18301. <http://dar-alifta.org/f.aspx?ID=18301>.
20. Әл-Кафи. 1 т. Китаб ал таухид

21. Мұхаммад Захид ибн Хасан әл-Каусари. Ыаалимул уа муттаъаалим. Туросул Каусари 22 (Фикхуль Акбар). Каир: Мактаба Азхарийа, 2001.
22. <http://www.azan.kz/islam/blog/id/485.html>
23. Әбдуллаһ бин Ахмад бин Махмұд ән-Насафи. Мадарик ат-танзих уа хакоик ат-таууил. 2 том. Бейрут-Лубнан: Дар аль-кутуб әл-Ъилмия. 2008.
24. Абай Қара сөздер. Алматы: Өнер, 2010.
25. Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Мұсылмандық шарты». <http://vk.com/docs?oid=-75668114>

Рүстем Мәлікұлы СЫЗДЫҚОВ

Алла Тағаланың сипаттары: сахабалардың, Ислам әлемінің атақты ғалымдарының (тәфсіршілер, факихтер) және қазақ халқының ұлы ағартушыларының аяттарды талқылаудағы ұстанымдары

Сын-пікір білдіруші: Қ.Қ.Нүркенов
Редактор: А.А.Жүнісова

Тапсырыс беруші— «Қарағанды облысы Дін істері басқармасының
Қарағанды облысы конфессияаралық қатынастарының
проблемаларын зерттеу және талдау орталығы» ММ

TENGRI

баспасынан шыққан
375 дана